

- 6 *Languages of the world. Turkic languages*, Bishkek: Kyrgyzstan, 1997, p. 410.
- 7 *Comparatively-historical grammar of turkic languages: Morphology*, Moscow: Nauka, 1988, p. 41.
- 8 *Kazakh grammar*, Astana, 2002, p. 461.

ӘОЖ 81'

Ж.Д.Рапишева, С.Ә.Рахымберлина, Ж.Ж.Ибраимова

*Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті*  
(E-mail: r\_zhanat@mail.ru)

## Халықаралық терминдердің қазіргі қазақ тілінде берілу тәсілдері мен жолдары

Мақалада бірнеше тілдерге ортақ саналатын халықаралық терминдердің басқа да тілдерге қабылдану тәжірибелері қарастырылды. Мақала авторлары қазіргі кезеңдегі халықаралық терминдерінің белгілі дәрежеде қалыптаса бастағанын, оларды аудару барысында қазақ сөздері кеңінен қолданылғанын, сондай-ақ араб-парсы, орыс терминдерінің қолданылу ерекшеліктерін нақты мысалдармен көрсетті.

*Кілт сөздер:* термин, терминологиялық лексика, кірме термин, халықаралық термин, мемлекеттік тіл, аудару, қалыптастыру, тұрақтандыру.

XXI ғасырдың тез өзгеріп жатқан өмір ағысында әрбір индивид өзінің кәсіби біліктілігі арқылы, белгілі бір арнайы тілдің, басқаша айтқанда, ғылым саласының иесі ретінде танылады. Бұл білім беру саласында терминдердің мәнін дұрыс түсіндіру, олардың табиғатын тану мәселесін өзектендіреді.

Терминология — ақпарат көзі, сонымен бірге терминология — лексиканың сыртқы өзгерістерге тез бейімделетін, онымен тығыз байланысты бөлігі. Терминологиядан қоғамдағы тарихи өзгерістердің кезеңдерін, себептерін, өркениеттердің тегін, тілдің мәдени, ғылыми, техникалық әлеуетін тануға болады.

Ғылыми ұғымды жеткізетін терминдер ұлттық та, ұлтаралық та, халықаралық та бола алады. Терминологияда қолданылатын термин сөздердің көпшілігі шығу тегі жағынан халықаралық немесе бірнеше тілдерге ортақ болып келеді.

XX ғасырдың 50–70-жылдары аралығында қазақ тілінің терминдер жүйесі қалыптастырылды, реттелді, бұл тармақ әсіресе практикалық тұрғыдан біршама тиянақталды деген тұжырым жасалған болатын және бұған дәйек ретінде қазақ терминологиясының 70–80 пайызын кірме, яғни интернационалдық (халықаралық), терминдер құрайтындығы көрсетілген еді.

Қазақ тілі мемлекеттік тіл болу үшін терминдеріміздің құрамы сандық қатынасы жағынан керісінше, яғни тіліміздегі терминдердің 70–80 пайызы қазақтың төл сөздері болу керек те, қалған 20–30 пайызы кірме сөздер болуы керек дейді терминология мәселесімен түбегейлі айналысып жүрген ғалымдар, терминолог-мамандар. Бұл 20–30 пайыз бөтен сөздер тіліміздің сөздік құрамы мен құрылысын, бірегейлігін бұза алмайды.

Біздің терминологиямыздың басым бөлігі шет тілдерінің сөздері болып кетуі — ұлт тілінің ғылым саласында қолданылмауы салдарынан салалық мамандардың термин шығармашылығымен айналысудан гөрі өзге тілдерден дайын терминдерді қабылдауға дағдыланғандығынан деп тұжырымдайды кейбір зерттеушілер. Сондықтан да мемлекеттік тілді ғылым мен техниканың сан түрлі саласында қолданып, термин шығармашылығында іске қосудағы салалық мамандардың рөлі ерекше. Дәлірек айтқанда, бұл солардың қолындағы іс. Бірақ салалық мамандардың барлығы бірдей терминге қойылатын талаптарды, терминологиялық жүйенің ерекшеліктерін, терминдерді тілдік тұрғыдан реттеуді біле бермейді. Сондықтан терминтану ғылымының тіл білімімен тікелей байланыстылығынан немесе оның тіл білімінің негізінде қалыптасатындығынан болса керек, әлемдік тәжірибеде белгілі бір саланың терминдерін жасап, оларды іштей жүйелеуге ерекше үлес қосқан салалық мамандардың барлығына қарамастан, терминологиялық жұмыстарды жүргізіп (оның ішінде терминтану теориясын), терминтанудың түрлі мәселелерін зерттеген терминологтар, негізінен, тіл мамандары болып келеді [1].

Халықаралық терминдердің тілімізге ену кезеңі — Алаш зиялыларының өмір сүрген кезеңінен басталады. Бұл кезең терминология жөніндегі ой-пікірлердің құндылығымен ерекшеленеді. Алаш зиялыларының көсемі А.Байтұрсынұлы бастаған ғалымдар тобы халықаралық терминдердің тілімізге енуі, қабылдануы және олардың қолданысы жайлы өз пікірлерін айтып кеткен. Бұл кезеңнің қоғам үшін, біздің ұлт тіліміз үшін маңызды бағыттарының бірі — зиялы қауымның жат сөздерді тіліміздің заңдылығына сәйкестендіріп қабылдауы болатын.

Алайда 1910–1930 жылдар аралығында қазақ зиялыларының қаламынан туындап, кейін қолданылмай қалған терминдердің барлығы болмаса да, басым көпшілігі негізсіз шеттетілген. Ондай терминдердің бір тобы өткенімізді саралап қарай бастаған соңғы жылдары араға 70–80 жыл уақыт салып барып қайта қолданысқа енгізіліп, терминқорымыздан орын алып жатыр. Мәселен, қазір Н.Қаратышқанұлының сөздігінде берілген *салым* (вклад), *әдіс* (метод), *әдістеме* (методика), *кеңес* (совет), *жасақ* (отряд), *жанартау* (вулкан) сияқты атаулар еш өзгеріссіз сол қалпында алынып, ресми бекітілген терминдеріміз ретінде кеңінен қолданылып жүр. Сондай-ақ онда кездескен кейбір терминдер *бәсекешілік* (конкуренция), қазір *бәсекелестік* түрінде, *әкім* (администрация) қазір *администратор* сөзінің баламасы ретінде, *қаттама* (ведомость) *протокол*, *жарнама* (объявление) *реклама* терминдерінің баламасы ретінде азды-көпті мағыналық немесе тұлғалық өзгерістермен терминқорымызға қосылды [2].

Өткен ғасырдың жиырмамыншы жылдарының бас кезіндегі қазақ оқығандары өзге тілден қабылданған сөздерді «жат сөздер», «кірме сөздер», «бұратана сөздер», «бөгде сөздер», «котыр сөздер», «бұралқы сөздер» деп атап, бұл сөздердің тілімізге көптеп кіруін тілімізді шұбарлау ретінде қабылдады. Нәзір Төреқұлұлы «Жат сөздер» деген кітап жазса, Қошке Кеменгерұлы «Қотыр сөздер» деген мақала жазды [3].

Өзге тілдерден енген сөздерді төл сөздеріміздей көрмей, оларды бөтенсініп жат, кірме, бөгде, котыр, бұралқы, бұратана деген анықтауыштармен беру тіл тұтынушыларының, зиялылардың бұл сөздерге деген сол кезеңдегі көзқарасын білдіреді. Ал 30-жылдардан бастап бұл атауларға «интернационалдық терминдер», «халықаралық терминдер» деген ат беріп, мұндай атаулардың көптеген халықтардың тілдеріне ортақтығын, ғылым-білім саласындағы қарым-қатынасты жеңілдететіндігін баса айта бастадық дейді Ш.Құрманбайұлы [4].

Жалпы тіл білімі деңгейінде «халықаралық» деп аталғанымен, ол терминдердің латын, грек, ағылшын, неміс, француз сияқты т.б. тілдік ықпалы басым тілдерден жасалғаны белгілі. «Халықаралық» терминдер мәселесі қазақ терминологиясында соңғы уақыттар еншісінде пайда болған мәселе емес, XIX ғасырдың соңына — XX ғасыр бастау алып, толық шешімін таппай келе жатқан мәселеге жатады.

Терминтануда осы терминқорды *халықаралықтандыруға* қарсы *деинтернационализация* деген процесс те бар. Бұл — бұрын тарихи, саяси-экономикалық немесе басқа да жағдайларға байланысты өзге тілдерден дайын терминдерді шектен тыс көп қабылдап келген халықтардың сол халықаралық терминдердің орнын өз тілдерінің сөздерімен жаппай алмастыру үдерісі. Мұндай құбылыс әдетте қабылдаушы тілдердің иесі болып табылатын халықтың ғылым-білімі, экономикасы дамып, ұлттық мемлекеттің негізі нығая бастаған уақытта басталады. Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде бізде де бұл құбылыс пайда бола бастады. Ұлттық мемлекетіміздің сипаты мен тіліміздің қоғам өмірінде алып отырған орнына, яғни елдегі тілдік ахуалға сәйкес «деинтернационализация» үдерісі бізде өте әлсіз, мардымсыз түрде жүріп жатқаны байқалады [5].

Тіліміздегі өзге тілдік (**кірме**) **терминдердің** көпшілігі орыс тілі арқылы қабылданған грек, латын т.б. тілдердің сөздері де, қалған бөлігі араб, парсы және орыс сөздері болып табылады. Мысалы, **латын тілінен:** *бейімделу* — *аккомодация*, *кемсіту* — *дискриминация*, *үдеме* — *градация* т.т.; **грек тілінен:** *қолтаңба* — *автограф*, *кезең*, *мезгіл* — *период*, *ақсүйек* — *аристократ* т.т.; **ағылшын тілінен:** *сұхбат* — *интервью*, *көшбасшы* — *лидер* т.т.; **неміс тілінен:** *сауыт*, *қап* — *футляр*, *азат жол* — *абзац*, *бедел* — *авторитет* т.т.; **француз тілінен:** *ырғақ*, *әуез* — *тембр*, *сән* — *декор*, *шумақ* — *куплет*, *таңдаулы* — *элита* т.т.; **араб-парсы тілдерінен:** *құран*, *мешіт*, *қажы*, *халифат*, *хадис*, *шахмат*, *шах*, *медресе* тәрізді сөздер енген.

Өз тілімізде баламалары қалыптасқан халықаралық ұғымдар да кездеседі: *оратор* — *шешен*, *диск* — *табақша*, *колорит* — *реңк*, *овация* — *қошемет*, *гонорар* — *қаламақы* т.б., басқа тілдің сөздерін қазақ тілінің дыбысталу заңдылықтарына сәйкестендіріп жазып қабылдаған терминдер де баршылық: *мрамор* — *мәрмәр*, *артист* — *әртіс*, *роль* — *рөл*, *номер* — *нөмір* т.б. Халықаралық мәндегі терминдердің тілімізге көптеп енгендігін қашанда мерзімді басылымдардан, басқа да ақпарат

көздерінен байқаймыз. Олардың бірқатары ұлт тіліндегі терминдерге мән беріліп жатқан кезеңде сол қалпында қазақ тіліне аударылып, қалыптасып үлгерсе, бірқатарының екі сыңары да қолданылып, үшіншілері сол шет тілінен енген нұсқасында қолданылып жүр. Мысалы, *композитор* — *сазгер*, *мелодия* — *әуен*, *презентация* — *тұсауқесер*, *мода* — *сән*, *музей* — *мұражай*, *статуя* — *мүсін*; *аранжировщик* — *аранжировкасын жасаушы*, *өңдеуші*; *реставрация* — *қайта өңдеу*, *қалпына келтіру*; *шедевр* — *жауһар*, *үздік туынды*; *ирония* — *кекесін*, *тәлкек*; *дикция* — *айқын сөз*, *мақам*; *лимит* — *шек*, *меже*; *реплика* — *қағымпа*, *ілікпе сөз*; *пафос* — *шаттық*, *шабыт*; *рубин* — *лағыл*, *лал*; *трафарет* — *үлгі*, *таптауырындық*; *дирижер*, *нота*, *натюрморт*, *амфитеатр*, *трилогия*, *драма*, *ария*, *экран*, *цирк*, *балет*, *жанр*, *роль*, *соната* т.б.

Орысша, қазақша қолданып жүрген *терапевт* сөзін чехтар *интэрниста*, француздар *жэнэралист*, испандар *тэрапэута* дейді. Француздың *ширюржьен* дегені, итальянның *кирурго* дегені біздің тағы бір халықаралық терминіміз *хирург* екенін мықтап есте сақтасаңыз, медициналық қызмет ертерек көрсетіліп, шипаны ертерек қабылдайтын боласыз. Ресейліктер мен қазақстандықтардың *журнал* дегенін Францияда *ревю*, Италияда — *ривиста*, Испанияда — *ррэбистас*, Чехияда *часописи* дейді екен [6].

Тілімізге шетел терминдерінің икемделіп қалыптасуына көптеген факторлардың әсері бар. Бұқаралық ақпарат құралдары, оқулықтар, оқу құралдары т.б. терминдерді қалыптастыруда рөлі басым. Бірақ соңғы кезеңдерге дейін қазақ тілінде жазылған нұсқалардың қалыптаспай келгендігін байқауға болады, мәселен, *Пекін*, *дискі*, *зауыт*, *Жапон* т.т.

Термин қалыптастыру, оны ұлт тіліндегі тілдік бірліктермен алмастыру ісіне мақсатты түрде кірісу, оны қабылдауға саналы түрде ұмтылу — қазіргі терминология жағдайында ғана емес, тіл жағдайында да маңызды іс болмақ. Қазіргі таңда кеңсе іс жүргізу тілі болып бірнеше ғасыр бойында қалыптастыру үдерісінен өткен орыс тілінің *донор* — «нәрлендіруші» тіл де, қазақ тілінің *реципиент* — қабылдаушы тіл болып отырғандығы да халықаралық терминдердің аударылу, қолданылу барысына әсер етуде. Дәлірек айтсақ, қазақ тілінің іс жүргізу терминологиясы *резолуция*, *печать*, *командировка*, *заседание*, *совещание*, *удостоверение*, *оформление*, *выписка*, *рассылка*, *отправка* тәрізді орыс тіліндегі дәстүрлі кеңсе ұғымдарына тілімізден *бұрыштама*, *мөр*, *мөртабан*, *іссапар*, *отырыс*, *кеңес*, *қуәлік*, *рәсімдеу*, *үзінді*, *жіберілім*, *жөнелтілім* және т.б. баламаларды табумен бірге, осы тіл арқылы шет тілдерінен соңғы жылдары енген *импичмент*, *инаугурация*, *имидж*, *презентация*, *рейтинг*, *маркетинг*, *мониторинг*, *брокер* және т.б. жүздеген терминдік атаулар орын алуда. Басты міндет — осы терминдік ағынды дұрыс арнаға бағыттап, жүйелеп, сұрыптап қажетімізге жарату болса керек. Тіліміз өзіндік бір терминологиялық «бумды» бастан кешіріп отырған сәтте кірме терминдерді қазақшалау, оларға балама табу ісінде әлі де ақсап жатқан тұстарымыз жоқ емес дейді зерттеушілер.

Жалпы орыс тілінің терминдік қатары кемшілігінің екі көзі бар [7]. Бүгінде орыс тілі термині аталып, оның ғылыми-әлеуметтік өмірінде белсенді қолданылып жүрген сөздердің төрттен үшінші арғы тегі шетелдік екені және олардың орыс тіліне қандай да бір жүйемен емес, бірін-бірі қайталай, бейберекет өткені, әлі де өтіп отырғаны белгілі. Бұл жайт аталмыш терминдер жүйесінде омонимдік, көпмағыналық, мағыналасық құбылыстарының жасанды, орынсыз түрлерін туғызып, терминдік қатарды көбейтіп, оның ауқымы туралы жаңсақ түсінік қалыптастырып отыр. Мәселен, орыс тілінде *лук* — 1. қару; 2. өсімдік; *Брак* — 1. неке; 2. жарамсыз; *Бар* — 1. кіші ресторан; 2. әуелік қысым бірлігі; 3. машина бөлігі; 4. өзен жағасындағы көшпелі құм сияқты кірме сөз есебінен түзілген омонимдер өте көп. Мұндағы *бар* сөзі қазақ тіліне өтсе, ондағы *идти* (*иди*) және *имеется* деген мағыналарға қосылып, омонимдік мағына саны алтыға жетеді.

Орыс тіліне таңдаусыз еніп келген шетел сөздері мен түбір буындарының бірнеше мағыналары да жетерлік. Мысалы, сөз соңында келетін *-пат* буыны 1. ауру түрін (*невропат*, *психопат*), 2. дәрігер атын (*гомеопат*, *аллопат*); *-ит* буыны болса, 1. адамды (*одессит*), 2. ауру түрін (*бронхит*), 3. минералды (*малахит*), 4. төменгі тотықты (*сульфит*) білдіреді екен. Осы сияқты грек тілінен өткен *зоос*, *биос* буындарының екеуі де *өмір* дегенді білдіреді. Сондай-ақ шетел сөздерінің тура мағынасы терминдік мағынасынан көп жағдайда тым алшақ жататындығы да белгілі. Мысалы, Д.С.Лотте *идиома* — *тілді* (испан) және *тіл ерекшелігін* (орыс), ал *вианда* — *тамақты* (исп.) және *етті* (орыс) білдіретінін айта келіп, бұндай сөздерді «ложные друзья переводчика» деп атайды. Біз шартты түрде қабылдап, бір мағынада қолданып жүрген сөздердің бастапқы тілде басқа мағынаны білдіру жайы да көптеп кездеседі. Мысалы, *смена*, *митинг*, *салют*, *кулуар*, *реализация*, *комплимент*, *линия*, *дистанция*, *адрес*, *интеллигент*, *дирижер*, *марш* сияқты сөздердің бастапқы мағыналары басқа

екендігі кейбір зерттеулерде айтылып жүр. Орыс тілінде шетел сөздері айрықша, әмбебаптық айналысқа түсуіне байланысты, бір сөздің өзі, аралары алыс, әр саланың әр түрлі түсініктерін беру жайы кейбір терминдерді неше сала болса, сонша мағыналы еткен деуге болады. Мысалы, *зона, фигура, кран, фаза, фон, агрегат, дисперсия* сияқты әмбебап терминдерді сөзбе-сөз аудармай, мағыналарына жіктеп, дербес сөзбен белгілеу керек. Мағыналары әрқалай ұғымдық белгіге негізделгенімен, орыс тілі жүйесі бойынша бір сөзбен аталған терминдерді де, сол орыс тіліндегі қалыбы бойынша бір сөзбен емес, мағынасына қарай бөле қазақшалау керек. Айталық, *зона* — 1. *белдем* (геол.), 2. *аймақ* (метал.); *Бухта* — 1. *орам* (метал.), 2. *қойнау* (геогр.) болып әр сөзбен аталуы тиіс [8].

Біраз уақыт бір термин түрліше аударылып, әр сөздікте, әр түрлі деңгейдегі оқулықтар мен ғылыми еңбектерде түрліше қолданылып келді. Мысалы: *консенсус* — *бәтуә, мәмле, келісім жалпы пікір*; *баланс* — *дәрегей, теңгерім* — *шегерім, шегерме, кеміту, жеңілдік*; *спонсор* — *демеуші, мияткер, қолдаушы*; *вклад* — *салым, аманат ақша*; *доход* — *кіріс, табыс*; *ценная бумага* — *құнды қағаз*; *бағалы қағаз, приоритет* — *артықшылық, басымдылық, басым бағыт*; *семья* — *отбасы, жанұя* т.б.

Мұндай жарыспалылықты кез келген арнаулы салада кездестіруге болады. Олардың ішінде терминкомның ресми бекіткеніне қарамастан, бірізді қолданылмай жүргендері де бар. Сондай-ақ көптеген терминдердің терминология комиссиясы бекіткен қазақша баламалары бола тұра, тұрақты қолданылмайды немесе бұрынғысынша шет тілдеріндегі нұсқалары жарыса қолданылып жатады. Мысалы: *элеует* (*потенциал*), *мәртебе* (*статус*), *көлік* (*транспорт*), *мәтін* (*текст*), *сынып* (*класс*) тәрізді терминдерді осы топқа жатқызуға болады.

Тәуелсіздікке қол жеткізген уақыттан бері қазақ тілінің тарихында да үлкен маңызды өзгерістер, оқиғалар, жаңалықтар болып жатыр. Бұл кезеңге тән ерекшеліктердің бірі араб тілінен енген сөздердің қайтадан жанданып, терминдік қасиетке ие бола бастауы. Сонау Қазан төңкерісіне дейін қолданыста болып, кейін орыс сөздеріне ығысып орын берген шығыс элементтері қайтадан оралып, тілден орын ала бастады. Оның мысалы ретінде қазіргі қазақ терминдерінің жүйесіндегі мынадай жаңарған терминдерді келтірейік: *класс* — *сынып*, *процент* — *пайыз*, *аудитория* — *дәрісхана*, *лектор* — *дәріскер*, *текст* — *мәтін*, *архив* — *мұрағат*, *виза* — *рұқсатнама*, *автобиография* — *өмірбаян*, *таможня* — *кеден*, *информация* — *ақпарат*, *алфавит* — *әліпби*, *коллектив* — *ұжым*, *компетенция* — *құзырет*, *конфискация* — *тәркілеу*, *шкала* — *шәкіл*, *космос* — *ғарыш*, *проблема* — *мәселе*, *юстиция* — *әділет* және т.б. Бұл тілдік құбылыстың себебі ұлттың «жаны», «рухы» болып табылатын тілдегі мұндай өзгерістердің санадағы өзгерістермен, санадағы жаңғырумен байланысты екендігі сөзсіз. Біраз уақытқа дейін жарыса қолданылып келген мұндай бірліктердің тегі араб, парсылық болып табылатын қазақша баламаларын қолдану қатаң нормаға айналды.

Термин мағынасының ұғынықтылығы (прозрачность термина) мен тұлғасы таныстығы ғылым-білімді игеру кезінде ғана емес, оның ұзақ уақыт есте сақталуына, оңайлықпен ұмытылмауына да себеп болады. Мәселенің бұл қырына мән бермеу үлкен қателік [9].

Терминнің ақпараттық табиғатын тану үшін олардың арнаулы ұғымдардың атауы және сол арнаулы ақпаратты жеткізудің құралы екенін естен шығармауымыз керек. Қазіргі ақпараттар тасқынына төтеп беру, оларды уақытылы қорытып, ғылым мен техника жаңалықтарының тілден көрініс табуын жүйелі түрде жүзеге асырып отыру оңай емес.

Қазақ тілінің мүмкіндіктерін барынша пайдалану әлемнің әр түкпірінен құйылып жатқан ақпарат ағынымен қазақ қауымын қамтамасыз етер тілдік жүйе жасаудың басты жолы болып табылады. Сондықтан халықаралық термин деп жүрген латын тілінде айтылатын атауларды талғамсыз тілімізге енгізе салу ұлттық ұғымға сай терминдік атаулардың дүниетанымдық рөліне нұқсан келтіреті даусыз.

Жалпы кез келген тілдің терминологиялық лексикасының түзілуіне негіз болатын екі көзі бар. Оның бірі — ұлттық тіл, екіншісі — өзге халықтардың тілдері. Зерттеушілер алғашқысын терминжасамның ішкі көзі, ал кейінгісін сыртқы көзі деп атайды. Бұл көздердің термин шығармашылығында пайдаланылуы — ғылым-білімнің даму деңгейіне, ұлт тілінің қоғам өмірінде алатын орнына тікелей байланысты. Дегенмен, қазақ терминологиясының даму тарихына үңілетін болсақ, оның жасалуы мен қалыптасуына тілден тыс факторлар әсерінің басым болғандығы анық.

Ғылыми терминологиясы дамыған тілдердің (ондай тілдердің қатарына дүние жүзінің 60 тілі кіреді) қатарына қосылу үшін бізге терминдерді реттеу, жүйелеу, стандарттау сияқты міндеттерді шешу керек [10].

Бүгінгі таңдағы ғаламдану барысында қазақ халқы ағылшын тілді мемлекеттермен экономикалық, саяси, мәдени байланысын күшейтуге тырысуда. Соның нәтижесінде қазақ тіліндегі кірме сөздердің саны артып бара жатқаны баршаға мәлім. Қолданысымызға көптеп еніп жатқан ағылшын сөздері мен сөз тіркестерінің тіліміздегі игерілуі мен зерттелуі сөз ауысу үдерісінен қалыс қалып келеді. Сондықтан осы олқылықтың орнын толтыратын, кірме сөздердің қабылдаушы тілдегі үйлесу жолдарын, әдіс-тәсілдерін, атқаратын қызметін әлі де зерттей түсу керек деп ойлаймыз.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. — Астана: Ер-Дәулет, 2007. — 6-б.
- 2 Кенжемұратова С.К. Халықаралық терминдердің қазақ тіліне ену кезеңі // Ғылыми мақалалар жинағы. — Астана, 2005. — 12–15-б.
- 3 Құрманбайұлы Ш. Алаш және терминтану (XX ғасыр басындағы қазақ терминологиясы. 1910–1930 жылдар). — Алматы: Ел-шежіре, 2008. — 18-б.
- 4 Құрманбайұлы Ш. Қазақ терминологиясы дамуының ғылыми қағидаттары. — Алматы: Сөздік-Словарь, 2004. — 96-б.
- 5 Құрманбайұлы Ш. Терминтану. — Алматы: Атлас, 2006. — 24-б.
- 6 Иванов В. Терминология и заимствования в современном китайском языке. — М., 1983. — С. 63.
- 7 Айтбаев Ә. Қазақ сөзі (Қазақ терминологиясының негіздері). — Алматы: Рауан, 1997. — 89-б.
- 8 Құрманбайұлы Ш. Терминқор қалыптастыру көздері мен терминжасам тәсілдері. — Алматы, 2005. — 25-б.
- 9 Суперанская А.В., Подольская Н.В., Васильева Н.В. Общая терминология: Вопросы теории. — М., 1989. — С. 99.
- 10 [ЭР]. Қолжетімділік тәртібі: www.tilbilimi.kz

Ж.Д.Рапишева, С.А.Рахымберлина, Ж.Ж.Ибраимова

### Способы передачи интернациональных терминов в современном казахском языке

В статье рассмотрены вопросы заимствования интернациональных — общих для несколько языков — терминов в казахский язык. Авторы статьи на конкретных примерах показали способы образования и пути передачи интернациональных терминов в современном казахском языке. Проанализировав переводы интернациональных терминов на казахский язык, выяснили, что активно используются казахские слова, а также русские слова и слова арабско-персидского происхождения.

Zh.D.Rapisheva, S.A.Rakhymberlina, Zh.Zh.Ibraimova

### Ways of transfer of international terms in modern Kazakh language

In article questions of loan international — the general for some languages — terms in the Kazakh language are considered. Authors of article on concrete examples show ways of education and a way of transfer of international terms in modern Kazakh language. Analyzing the translations of international terms on the Kazakh language found out that the Kazakh words, and also the Russian words and words of the Arab-Persian origin are actively used.

#### Referenses

- 1 Kurmanbayuly Sh. *Posobiye of the terminologist*, Astana: Er-Daulet, 2007, p. 6.
- 2 Kenzhemuratova S.K. *Collection of scientific articles*, Astana, 2005, p. 12–15.
- 3 Kurmanbayuly Sh. *Alash and terminovedeniye (Kazakh terminology of the beginning of the XX century. 1910–1930 years)*, Almaty: El-shezhire, 2008, p. 18.
- 4 Kurmanbayuly Sh. *Scientific rules of development of the Kazakh terminology*, Almaty: Sozdik-Slovar, 2004, p. 24.
- 5 Kurmanbayuly Sh. *Thermins basics*, Almaty: Atlas, 2006, p. 24.
- 6 Ivanov V. *Terminologiya and loans in modern Chinese*, Moscow, 1983, p. 63.
- 7 Aytbayev O. *Kazakh word (Bases of the Kazakh terminology)*, Almaty: Rauan, 1997, p. 89.
- 8 Kurmanbayuly Sh. *Ways of education and sources of formation of terms*, Almaty, 2005, p. 25.
- 9 Superanskaya A.V., Podolskaya N.V., Vasilyeva N.V. *General terminologiya: Theory questions*, Moscow, 1989, p. 99.
- 10 [ER]. Access mode: www.tilbilimi.kz